

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 3 қазандағы № 113 қаулысы
Ескерту. 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы қаулының 4-тармағымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 914-1-бабына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Ұзынкөл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны Ұзынкөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұзынкөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұзынкөл ауданының әкімі

М. Жұркабаев

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 03 қазандағы

№ 113 қаулысына

қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуы тиіс ұйымдардың тізбесі

№	Ұйымдардың тізбесі	Қоғамдық түрлері жұмыс
1	"Ұзынкөл ауданының Ұзынкөл ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі	
2	"Ұзынкөл ауданының Рязское ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі	

3	"Ұзынкөл ауданының Троебрат ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аумақты тазалау және жинау. Ағаштарды кесу, отырғызу, ақтау Ғимараттың, қоршаудың ақтау, бояу. Көгалдарды, шөптерді шабу. Абаттандыру.
4	"Ұзынкөл ауданының Бауман ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
5	"Ұзынкөл ауданының Ершов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
6	"Ұзынкөл ауданының Киров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
7	"Ұзынкөл ауданының Новопокров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
8	"Ұзынкөл ауданының Пресногорьков ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
9	"Ұзынкөл ауданының Обаған ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
10	"Ұзынкөл ауданының Федоров ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
11	"Ұзынкөл ауданының Сатай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	